Осы зерттеудің өзектілігі — Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тарихи-мәдени мұрасын қазақ қоғамын қабылдау призмасы арқылы қайта пайымдау қажеттілігімен байланысты. Көпейұлы еңбектері әдебиеттану, дінтану және этнография салаларында зерттеліп келе жатқанына қарамастан, оның шығармаларындағы әлеуметтанулық және мәдени-әлеуметтік өлшемдер әлі де жеткілікті түрде қарастырылған жоқ. Ол жазған туындылар дәуірдің айнасы іспетті, сол кезеңдегі қазақ халқының қоғамдық көзқарастарын, құндылықтарын және күнделікті өмірін реконструкциялауға мүмкіндік береді. Мақаланың мақсаты — тарихи оқиғалар мен әлеуметтік-саяси өзгерістердің зерттеліп отырған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өзіне және қоғамға тигізген ықпалын анықтау үшін оның өмір жолын, шежіресін және жеке тәжірибесін талдау, сондай-ақ оның өткенге және қазақ қоғамына деген көзқарасы арқылы осы процестердің негізгі қырларын ашу.

Машһүр Жүсіп Көпеев – қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілі, ол ұлттық бірегейлікті сақтауға және дамытуға ұмтылған. Оның көзқарастары Ресей империясы саясатының қазақтардың дәстүрлі өмір салтына, мәдениетіне, тіліне және ұлттық санасына қалай әсер еткенін түсінуге көмектеседі. Оның еңбектері экономикалық, мәдени, әлеуметтік саяси мәселелерді қамтитын Ресей құрылымдарының қазақ қоғамына әсер етуінің негізгі аспектілерін көрсетеді. Мәшһүр Жүсіп Көпеев бұл процестерді көзбен көріп, өз еңбектерінде сипаттаған. Саясатқа жасаған сыны мен қазақ дәстүрлерін сақтау жолындағы әрекеттері постколониалдық талдау үшін маңызды дереккөзі болып табылады. Ол қазақ мәдениетін сақтау мен ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда ағартушылықтың маңызды рөлін ерекше атап өткен. Ол Ресей империясының ассимиляциялық саясатын сынап, оның дәстүрлі қазақ құндылықтарына қауіптерін көрсеткен. Сол себепті ұсынылып отырған Мәшһүр Жүсіп Көпеев


CC BY NC

еңбектері негізінде жүргізілген зерттеу Ресей империясының қазақ қоғамына тигізген әсерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазақ ақыны, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, филосов, ғалым. Ол догмалық деңгейде қалып қоймай үнемі шығармашық ізденісте болып, жаңашыл білімнің жетістіктерін ескерді. Мәшһүр Жүсіптің еңбектері отандық тарихнамада тарих, дінтану, мәдениеттану, филология, психология, педагогика, философия т.б тұрғысынан кең түрде зерттелуде. Кеңестік кезеңде тиым салынып, тәуелсіздік жылдары көптеген ғалымдар қызығушылығын туғызды. Осылайша, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығын қазақ қоғамының айнасы ретінде зерттеу XIX–XX ғасырлар тоғысындағы Қазақстанның мәдени-рухани келбетін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және қазақ халқының жаңғыруы мен ұлттық санасының қалыптасу үдерісіне қатысты ғылыми пайымдарды кеңейтеді.

**Материалдар мен әдістер.** М.Ж. Көпеев шығармаларының алғаш рет жариялануына себепкер болып, шығармаларын алғаш зерттегендердің бірі Жүсіпбек Аймауытов болды (Барлыбаева, 2011:128). М.Ж. Көпеев туралы Смағұл Сәдуақасов «Киргизская литература» мақаласында 1919 жылы Омбыда «Трудовая Сибирьде» жарық көрген қазақ әдебиеті тарихында жазба әдебиеті негізін қалаушылардың бірі ретінде атап өтеді. Сәрсен Дәуітұлы М.Ж.Көпеев таңдамасының екі томдығын құрастыруға қатысып, 1983–1997 жылдар аралығында шығармаларын араб әріпінен көшіріп, баспасөз беттеріне жариялады (Қонарбаева, 2014: 7).

Мақалада Қуандық Мұхаммед Фазылұлы Мәшһүр Жүсіп бас редакторлығымен, Г.Қ. Жүсіпованың ескі араб жазуынан аударып, ғылыми түсініктеме жасаумен әзірленген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 10 томдық шығармалар жинағы қолданылды. Мұнда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өлеңдері, рауаяттары, дастандары топтастырылған (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, 2023a). Зерттеудің әдістемелік негізі тарихи-мәдени талдау, герменевтикалық және салыстырмалы тәсілдерге сүйенеді. Материал ретінде Көпейұлының жарияланған шығармалары мен оның қазақ тұрмысы, діні, моралі мен әлеуметтік құрылымы туралы ой-пікірлерін қамтитын деректер алынды. Герменевтикалық талдау — бұл мәтіндерді олардың жасалу контекстіне, авторлық ниетіне және мәдени-тарихи ортаға сүйене отырып, терең мағынасын түсіндіру әдісі. Бұл тәсіл әдебиеттану, философия, теология және басқа да гуманитарлық ғылымдарда кеңінен қолданылады. Герменевтикалық талдау ұлттық бірегейлікке, мәдени өзгерістерге және философиялық ойларға қатысты мәтіндерді зерттеу үшін әсіресе пайдалы. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің еңбектерін герменевтикалық талдау — бұл оның шығармаларын зерттей отырып, олардың терең мағынасын, қазақ мәдениеті мен қоғамы үшін маңызын анықтау, сондай-ақ сол дәуірдегі негізгі әлеуметтік, мәдени және саяси өзгерістерге қатысты автор көзқарасын ұғыну. Мұндай талдау Көпеевтің өз замандастарына жеткізгісі келген идеяларын және олардың тарихи өзгерістер контекстіндегі өзектілігін ашуға мүмкіндік береді.

CC BY NC

Субъектінің өз өткеніне қатысты бірегей деректерге негізделген тарих әлеуметтік-саяси процестерді тануда маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты, өмір жолын, жеке тәжірибесін және тарихи оқиғалар мен қазақ қоғамының өміріне деген көзқарасын талдау берілген мақалада қойылған сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік береді. М.Ж. Көпеевтің шежіресін, өмірлік жолын талдау әлеуметтік-саяси өзгерістердің оның өзі мен ата-бабаларына тигізген ықпалын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

**Талдаулар.** Жүсіпов Н., Әлімбаев М., Шәрәпиденұлы С., Баязитов С., Кенжебаев Б.(Кенжебаев, 1958) Бөжеев М. ( Бөжеев, 1974), З. Сейітжанов, Д. Әбілев, Ж. Шалғымбаева, С. Дәуітов зерттеулерінде ғалымның әдеби мұрасы, А. Амандықов, Нұрматов С.Е., Б.М. Сатершинов басшылығымен дүниетанымдық мәселелерді қамтитын зерттеулер жарық көрді. Ал кеңестік заманда еңбектері діншіл, панисламистік идеяларды насихаттайды деп айыпталды.

Н.Д. Нұртазина өз зерттеуінде Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің қазақ сопылық дәстүріндегі рөлін ерекше атап өтеді. Ол Көпеевтің нақшбандийа тариқатымен тығыз байланыста болғанын, Исабек ишаннан діни білім алғанын және Бұқарадағы оқуы кезінде мистикалық тәжірибе өткергенін көрсетеді. Сонымен қатар, ол Көпеевтің халық арасында емшілік, дұғамен шипа жасау және тұмар жазу сияқты діни-мистикалық практикаларымен танылғанын айтады. Көпеев қазақ халқының рухани өмірінде маңызды орын алып, оның мұрасы қазақ ишандарының дәстүрін жалғастырушы ретінде бағаланады (Нуртазина, 2024: 541–557).

Жусупов Е.К. өз зерттеулерінде Машһүр Жүсіп Көпеевтің тарихи еңбектерін қарастырып, олардың қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зерттеудегі маңыздылығын атап өтеді. Ол тарихты зерттеуде кешенді көзқарас ұстанып, этнографиялық, топографиялық және мәдени аспектілерді қамтып, өткенді тұтас сипаттауға мүмкіндік берді. Мақалада Көпеевтің қазақ историографиясына қосқан елеулі үлесі, тарихи үдерістерді объективті түрде зерттеуге деген ұмтылысы және оның еңбектерінің ұлттық сананы сақтаудағы рөлі айқын көрсетілген (Жусупов, 2003: 64–66).

T. Uyama XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының қоғамды жаңғыртуға және оның оянуына ықпал етуге ұмтылған қызметін талдайды. Ол зайырлы және діни қайраткерлер арасындағы шекараның айқын болмағанын атап өтеді, өйткені олардың көпшілігі исламдық және зайырлы білім алған. Дін қазақ ұлттық қозғалысында маңызды рөл атқарып, бұл мешіттердің салынуы, қажылыққа бару және исламдық идеялардың ақындар мен ойшылдардың шығармашылығына әсер етуі арқылы көрініс тапты. Ресей әкімшілігінің қарсылығына қарамастан, зиялы қауым халықтың рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға және білімді оларға түсінікті тілде таратуға тырысты (Uyama, 2013: 95–117).

Allen J. Frank еңбегінде Мәшһүр Жүсіптің қазақтың интеллектуалдық және рухани ой-санасының дамуына қосқан үлесін көрсетеді. Автор Жүсіптің ғалым және ағартушы ғана емес, ұлттық мұраны сақтаушы екенін атап өтеді, ол өз

еңбектерінде исламдық және зайырлы білімдерді біріктірген. Сонымен қатар, қазақ халқының мәдени және діни дәстүрлерін болашақ ұрпаққа жеткізуге ұмтылып, исламды ұлттық болмыстың маңызды бөлігі ретінде қарастырды. Осылайша, Мәшһүр Жүсіп мәдени құндылықтарды сақтауға және ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына баға жетпес үлес қосты. Мәшһүр Жүсіп ұсынған түрлі қамқоршылар мен олардың ғалымдар мен сопыларды қолдаудағы рөлі туралы ақпараты қазақ қоғамына әкімшілік жүйесінің әсерін түсінуге мүмкіндік береді (Allen J. Frank, 2013: 213–232).

**Зерттеу нәтижелері және талқылау.**

**Мәшһүр Жүсіп Көпеев өмірлік тәжірибесі.** XIX ғасырдың соңында - XX ғасырдың басында қазақ интеллигенциясы қазақтардың шынайы жағдайын түсініп, оларды қазіргі заманға бейімдеу өздерінің міндеті деп санады. Олар қазақ қоғамын ұйқыдан ояту идеясына үндеу тастап, алдыңғы кезеңдердегі үгіттелген бөтен, қоғамға жат идеялардан қашудан бас тартты. Зерттеулерге сәйкес XIX ғасырда, зайырлы мен діни зиялылар арасындағы шекара айқын емес еді. Өйткені көптеген қазақ зиялылары исламдық және зайырлы білімді қатар алып, жан-жақты идеяларға сусындаған. Исламдық ойдың, діни аймақтардың әсерінен сол дәуірдегі көптеген көрнекті тұлғалар жаңа мешіттер мен медреселер салып, Меккеге қажылық жасаған. Қазақ ақындарының шығармаларында, зиялыларында және қазақ ұлттық қозғалысында исламдық элементтер айтарлықтай болды. Сол себепті, қазақ ұлттық қозғалысының алғашқы кезеңдерінде дін маңызды тақырыптардың біріне айналды. Ғалымдардың пікірінше, қазақ зиялыларының идеялары исламдық тұрғыдан терең, әрі кең ауқымды болғанына қарамастан, олар көп жағдайда назардан тыс қалып қойды.

1860 жылдардан кейін Ресей әкімшілігі исламды қазақ даласында таратуға сақтықпен қарағанымен, олар кейде қазақтардың діни қажеттіліктерін ескеруге мәжбүр болды. Қазақ зиялылары осы қажеттіліктерді қанағаттандыруға тырысты. Мысалы, Алтынсарин Орынбор шекара комиссиясы жанындағы қазақ мектебінің алғашқы оқушыларының бірі болып, оның оқу бағдарламасына орыс, араб, татар, парсы тілдері, сондай-ақ Құран кірді. Бұл орыс тілінде білім алған және исламдық зиялылардың халық арасында білім таратуда ортақ мақсаттарға жетуге тырысқанын көруге болады (Uyama, 2013: 100–102).

Қазақ зиялыларының осындай көрнекті өкілдерінің бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпеев болған. Оны қазақтардың діни және зияткерлік тарихында қоғамнан оқшауланған тұлға ретінде қарастыру қате болар еді. Сол сияқты, ғалымдар Мәшһүр Жүсіпті жаңашылдар немесе жадидшіл реформаторлар қатарына да қоспайды Сол кезеңде қазақ ғалымдары арасында исламдық білім орыс тілінде берілетін біліммен салыстырғанда әлдеқайда кең таралған еді. Сол себепті, ол Қазақ даласында, сонымен қатар, Бұқара мен Ташкент қалаларында алған исламдық білімі беделді болып, сол уақытта  қазақтар білім алуға ұмтылған білім ошақтары еді (Allen J. Frank, 2013: 230). Мәшһүр Жүсіп өз заманының білімді адамдарының қатарында болғанын өзінің шығармалары дәлелдейді.

Мәселен, «Мәшһүр Жүсіп әкесі - Көпжасар әңгімесі» шығармасында оның әкесі Көпей 1817 жылы Петропавлда білім алған, бірақ сырқаттануының салдарынан оқуын тоқтатып, еңбек етуге мәжбүр болады. Алайда кейін ол Ташкентте Әбу Қасым ханның шейхынан суфизмді оқыды (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, 2023б: 212). Көпей ұлының өзіне қарағанда толық білім алуына ерекше назар аударғаны айқын. Мәшһүр Жүсіп бес жасында Баянауылда Наджм ад-Дин Хазірет мектебінің ұстазынан білім алғанын айтады. Сегіз жасында ол Камараддин Хазірет ұстаздан фикх ғылымын оқыған. 29 жасында Бұқараға барып, Ұлықбек медресесінде Хамза-хожа, медреседе татар муфтиясы Сиродж ад-Дин мен Майын Малика ибн Абд әл-Қадир Шибзда сияқты ғұламалардан білім алған. Кейін Ташкенттің Бесағаш ауданында Әбу Қасым ханның шейхынан оқуын жалғастырған. Құрбан-Али Халид бірнеше қазақтардың Бұқара медреселерін бітіргенін, сондай-ақ Ахмад Барангав пен Мәшһүр Жүсіптің өзі туралы айтады (Allen J. Frank, 2013: 220–223).

Оның өмір жолын өзі жазып қалдырған шежіре негізінде талдайтын болсақ. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шежіресі жоңғар шапқыншылығы заманынан басталады. Айдабол Күліктің бәйбішесінен Тілеуімбет, Наурыз, Дәулет, тоқалдан – Ақыл, Сексен ұлдары болған. Қара қалмақ Сыбанмен (Цэван-Рабдан 1663–1727 жж.) болған соғысқа Тілеуімбеттің он бес ұлының он екісі және өзі опат болады. Жау қолында тірі жатқанын көріп, үшеуін орманшы Тайлақ алып қашып құтқарған. Бұлардың ұрпақтары Айтқожа, Жаңабай, Күнту.

Бірі бесікте, бірі кебежеде екі немере жас баланы Күліктің тоқалының баласы Сексен құртқарған. Бұл екеуінің ұрпақтарын Бесім, Қойтан дейді. Сол Бесімнің әйелі (бәйбіше) Бөлтек қыпшақ Олар мергеннің қызынан туған үш ұлдың бірі Ақжігіт абыз болатын. Ақжігіт абыз мектеп ашып, бала оқытатын білімді кісі болатын. Оның төрт қызы, төрт ұлдарының бірі Сермұхамед. Осы Сермұхамедтің бес ұлдарының бірі Көпжасар Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің әкесі еді. Көпжасар кішкентай әрі әлсіз (кішкене қораш болып туылған) болып туылған соң Көпжасар аты қалып, Көпей аталып кетті.

Отбасынан ешқандай қолдау болмай, Көпей он сегіз жасында Қызылжарға медресеге оқуға барып, ондағы оқудың ақысын төлеу үшін Ахметжаудыр (фамилиясы Фатихалла Бикташов) деген қара ноғайға қара жұмысқа жалшы болып жалданып, ол Көпейді бірге Түркістан, Ташкент, Бұқараға алып кетеді. Одан босағаннан кейін, қырық жастан асқан кезде үйленіп, қырық екі жасқа келген кезде Мәшһүр Жүсіп Көпеев дүниеге келеді (Анасы Танаш қызы Ұлбала). Ол1858 жылы Павлодар облысы, Баянауыл өңірінде дүниеге келді.

Көпей саудадан тапқан қаржысынан екі ағасы және інісімен бірігіп жүз сиыр, төрт жүз қойды сатып алып, олардан сол жылдағы қыстағы жұтта айырылады. «Дүние-мал жолдас емес екен, ғылым – жолдас екен. Қалалы жер мешітсіз болмас, мешіт болса, молдасыз болмас деп» сол кезде негізгі табыс көзі бола алатын оқытушылық арқылы баласының болашағы жарқын болатынына сенімді болды. Сөйтіп баласын оқыту үшін Баянауылға көшіп барады (Дәуітұлы, 2008: 14–19). Бес жасында Баянауылда Нәжімеден хазіреттен білім

алып, өте зерек, баланы Мұса Шорманов «Мынау жұртқа Мәшһүр болып, жұрт құлағын шулатайын деп тұр екен. Болсын пақыр-ай, көп жасағыр екен, сопы, бұл балаңа үкі тағып қой, бұдан былай үкісіз жүргізбе» деген екен.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев бала кезден ойлау қабілеті, есте сақтауы ерекше болды. Феноменалды қабілетті тұлға болды. Ол «Шар кітапты» екі жылда меңгеріп, қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жатқа білетін. Мұнда «Шар кітап»– дәстүрлі исламдық құқық пен діни білімге қатысты кітаптардың жалпы атауы еді. Қазақ даласында "Шар кітап" деп көбінесе шариғат заңдары, әдет-ғұрып ережелері, діни үкімдер мен моральдық-этикалық нормалар жинақталған еңбектер аталған. Бұл кітаптарда мұсылмандық парыздар, намаз оқу тәртібі, неке, мұрагерлік, сауда-саттық, құқықтық мәселелер, адал мен арам туралы діни түсініктер баяндалған.

Ол тілдерді де еркін меңгеріп, парсы, араб тілдерінде білім алып, кейін аудармалар жасап, көне туындыларды өз бетімен жинақтай алды. Өз заманында Ш.Уәлиханов, Потанин, Радлов, Диваевпен қатар барлық тақырыптардағы ауыз әдебиеті шығырамаларын арнайы аудармашы, фольклор бойынша арнайы маман көмегінсіз жинақтаған. Шығыс, батыс мәдениетін, қазақ тілін жетік меңгерумен қатар араб, парсы, орыс, көне түркі тілін жете игеруі және XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың бас кезінде қазақ даласында көп саяхат жасауына байланысты М.Ж. Көпеевтің қазақ халық әдебиеті үлгілерін жинап, ол туралы зерттеу жүргізу мүмкіндігі болды.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев туралы елеулі зерттеудің бірі Н.Д. Нұртазинаның еңбегінде Мәшһүр-Жүсіп Көпеевті қазақ ишандық дәстүрінің көрнекті өкілі ретінде қарастырады. Ол Көпеевтің Бұқарада классикалық білім алған және оның феноменалды қабілеттері мен сопылық тәжірибесі арқылы кеңінен танымал болғанын атап өтеді. Н.Д. Нұртазинаның пікіріне сүйенсек оның әдеби мұрасына қарағанда діни мұрасы аз зерттелген. Сонымен қатар, зерттеуінде оның емшілік тәжірибелері, Құран аяттарын «дем салу» үшін қолдануы, тұмар жасау және мистикалық болжамдар жасау әдістері туралы айтылады. Ол нақшбандийа тариқатына жататындығын және Исабек ишанның ілімімен тығыз байланысын ерекше көрсетеді. Сондай-ақ, Мәшһүр-Жүсіптің Бұқарадағы мистикалық тәжірибесі туралы баяндалады, онда ол аңыз бойынша Бахауддин Нақшбандтың рухымен кездескен, бұл оның сопылық дәстүрге қабылданғанының белгісі ретінде түсіндірілген (Нуртазина, 2024: 550). Мәшһүр Жүсіп Көпеев 1870 жылы Хамеретдин хазіреттің медресесінде, кейін Бұқарада діни жоғары оқу орнында оқып, (Қазақ Совет энциклопедиясы, 1975: 554) 1875 жылдан мұғалімдік қызмет атқарды. “Дала уалаятының ” газетінде тілші болып, мақалалар, хат-хабарлар жариялап мәшһүр болды. 1887–1890 жылдары Орта Азияны аралап Самарқанд, Ташкент, Самарқанд қалаларын аралап араб, парсы тілдерін игеріп, шығыс классикалық әдебиет үлгілерімен танысты. Оның ғалым, тұлға ретінде қалыптасуына шығыстық менталитет, әдебиет, философиясы, ислам діні әсер етсе. Екіншіден, қалыптасқан саяси-экономикалық жағдай, ол өмір сүрген реалийлер, қалыптасқан жағдай.

BY NC

Қандай саяси жағдай, саяси, діни ұйымдар мен ағымдар қызмет жасады. Көпеев өз кезінің белгілі тұлғаларымен мәселен, белгілі ақын Ақан серімен жүздесті (Жусупова, 2018: 319-323). Сол сияқты, оған 1905 жыл қарсаңындағы оқиғалар үлкен әсер етті. Үшіншіден орыс ғалымдарының тәжірибесі мен үлгісі. Солардың ішінде В.В. Радловпен таныс болып, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жариялаумен айналысты. Мәселен, 1917 жылы Қазан қаласында Хұсайыновтар баспасында “Хал-ахуал”, “Сарыарқа кімдікі”, “Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз ” атты кітаптарын бастырып шықты. Сонымен қатар, дастар мен хиқаяларды,шежірелермен айтыстарды, тарихи жырларды (“Көрұғлы”, “Ер Көкше”, “Сайын батыр”)жинап, Бұқар жырау, Шортанбай, Шөже т.б. ақын-жыраулардың еңбектерін хатқа түсіріп қалдырды (Қазақ Совет энциклопедиясы, 1975: 554).

1907 жылы патшаның демократиялық манифесін пайдаланып, үш кітап шығаруға үлгерді: «Сарыарқа кімге тиесілі?», «Ұзақ өмірде көргендерім». Кейін бұл еңбектері патша цензурасы тарапынан қауыпты деп танылып, автор қудалауға ұшырады. Сол себепті ол Баянауыл жерін тастап, ұзақ уақыт Самарқан мен Бұхарада бас сауғалауға мәжбүр болды. Өз заманының қазақ қоғамындағы әлеуметтік-саяси қайшылықтардың себептерін ашып көрсетті. Қазан төңкерісі мен Кеңес өкіметінің орнауын да сақтықпен қабылдады. Алаш Орда үкіметінің талқандалуы мен азамат соғысы кезінде большевиктердің жасап жатқан озбырлығынан кейін кеңес өкіметіне деген сенімсіздігі күшейе түсті (Жусупова, 2018: 319–323).

Мәшһүр Жүсіп мұражайы тарихи -мәдени мекеме 1980 жылы іргетасы қаланды. Павлодар облысы Баянауыл ауданы Жаңажол ауылының іргесінде Ескелді биігіне ақын жерленген жердің жанына салынған еді. ( С. Дәуітұлы Мәшһүр Жүсіп мұражайы, 2004: 690–430)

***Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы қазақ қоғамы.***

Мәшһүр Жүсіптің қазақ қоғамы жөніндегі еңбектері негізінен оның жастық кезеңіндегі жеке естеліктеріне, сондай-ақ өзі тікелей таныс болған немесе өзгелерден естіп-білген тарихи тұлғалар туралы мәліметтерге негізделеді. Географиялық тұрғыдан алғанда, бұл сипаттамалар Баянауыл, Омбы, Ақмола және Қарқаралы өңірлерін қамтиды. Аталған аймақтар арғын және қыпшақ рулары шоғырланған өңірлермен сәйкес келіп, қазақ даласында Сарыарқа атауымен белгілі тарихи-этнографиялық аумақтың орталығын құрайды.

Мәшһүр Жүсіптің жинақтаған мұралары қазақ даласының Ресей империясы мен кеңестік дәуіріндегі қазақ қоғамына саяси жүйенің ықпалы мәселелерін зерттеуде аса маңызды әрі теңдесі жоқ дереккөз болып табылады. Ғалымның қызметіндегі негізгі бағыттардың бірі – қазақ халқының бай ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтап, оларды жазба түрде тіркеу ісі болған. Ол өз өңірінде тарихи және шежірелік білімдерді алғаш рет жүйелі түрде хатқа түсірген тұлғалардың бірі еді (Allen J. Frank, 2013: 213–216).

Сол сияқты М.Ж. Көпеевтің жазба мұрасының ерекшелігі – тарихи тұлғалардың өміріне негізделген егжей-тегжейлі бейнелеуі болып табылады.



CC BY NC

Ол шығыс жылнамашыларының үлгісінде жазылып, қазақ халқының жалпы тарихына арналған «Қазақ тамыры» атты үлкен еңбегінің бір бөлігі саналады. М.Ж. Көпеев келтірген мәліметтер Абылай мен Кенесары хан заманының тарихын байланыстыратын негізгі деректерді құрайды. Көпеев өз кезінің белгілі тұлғаларымен замандас болып, бірнеше рет белгілі ақын Ақан серімен кездесіп, достық қарым-қатынас орнатқан (Жусупова, 2018: 319–323).

М. Көпеев  еуропалық зерттеушілердің үлгісінде қолжазбаның екінші бетін жазып, өз бақылауларының материалдарын қосқан. Тарихи аңыздар, әндер, дастандар қатты хронологиялық тәртіппен орналастырылған және бір ортақ тақырыпқа бағынады. Көпеевтің қолжазбаларын зерттеп, талдау жасаған  ғалымдардың бірі Л. Жусупова. Ол өз зерттеуінде М.Ж. Көпеев тек жеке тұлғаларға қатысты мол материал жинақтап қана қоймай, оларды зерттеп, бағалаған деген қорытынды жасайды. Бұл өз кезегінде Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің көптеген танымал тұлғалардың тарихын ашып көрсеткен тарихшы болғанын дәлелдейді (Жусупова, 2016). Осы қолжазбаның үлгісінің бірі 1907 жылы Қазанда *«Сарыарқа кімге тиесілі?»* атауымен жарияланған.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев 1870–1920 жылдардағы оқиғалардың тікелей куәгері болғандықтан, сол дәуірге қатысты оның сипаттамаларын тарихи дерек ретінде қабылдауға болады. Тіпті Кенесары Қасымұлы туралы жазбалары осы көтеріліске қатысқан куәгерлердің естеліктеріне немесе олардың ұрпақтарының әңгімелеріне негізделген. Сондықтан Көпеевтің қолжазбаларында сипатталған XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы тарихи оқиғаларды сенімді тарихи дереккөз ретінде қарастыруға болады.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің *«Қазақ түбі»* еңбегі сол кезеңдегі белгілі бір ру-тайпалық бірлестіктердің ауызша тарихи дәстүрлеріне негізделген. Оның екінші бөлігі тарихи аңыздар, генеалогиялық шежірелер, батырлық эпостар (дастандар) және басқа да деректерден тұрады. Ғалымдардың айтуынша, бұл жазбалар дала ауызша тарихи дәстүрінің маңызды үлгілері болып табылады (Жусупова, 2016).

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Қазақ шежіресі» атты еңбегінде қазақ халқының шығу тегін таралған шежірелер негізінде Анас сахабадан бастайды да, қазақ, ноғайға дейін жеткізеді. Бұндай нұсқа қазақ арасында кең тараған «Шежіре-дастандарда» айтылады. Оның шежіресіндегі «Орта жүз тарихы», «Мейрам тарауы», «Бошан», «Сүйіндік», «Қуандықтан алтау туады», «Қуандықтың бір баласы Алтай», «Қаракесек» және тағы басқа тараушаларында Арғын тайпасының, оның құрамындағы жекелеген кейбір рулардың шежіресі өте жақсы тармақталады. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев: «Арғынның бәйбішесінің аты – Аргүл бәйбіше. Мұнан Қотан, Ботан деген екі ұл туған. Ботан қыршын жасында өліп қалып, нәсіл-тұқым қалмаған, Қотаннан Мейрам сопы жалғыз... Арғын тоқалының аты – Момын. Бұл Момыннан Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Арықсопы, Нәдірсопы. Ақсопыдан «Толыбай» ұранды Қанжығалы, «Маябоз» ұранды Тобықты, Қарасопыдан «Қарақай» ұранды Қарауыл, «Барлыбай» ұранды Бәсентин! Сарысопыдан «Ошбай» ұранды

CC BY NC

Атығай, он екі атаның ұлы Дәуіт. Арықсопы, Нәдірсопыдан үрімбұтақ-жұрағат жоқ»29, – дейді. Міне, дәл осындай жолмен Мәшһүр Жүсіп Көпеев Орта жүздегі Арғын мен оның руларының тармақталуын өзіне дейін жеткізеді. Оның деректерінің ғылыми құндылығы да осы жерде көрінсе керек (Қазақстан тарихы этникалық зерттеулерде, 2010: 18).

XIX ғасырдың бірінші жартысында дала аймақтарында Ресейдің әкімшілік бақылауының кеңеюі қазақ халқы арасында ислам институттарының таралуына ықпал етті. Бұл үдеріс Баянауыл өңірінде ерекше айқын көрініс тапты, мұнда белгілі шенеунік Мұса Шорманұлы ислам ғұламаларын аймаққа тартып, оларға қамқорлық көрсетуде маңызды рөл атқарды. Нәтижесінде қазақтардың өздері ислам институттарын құруға және олардың қызметін қамтамасыз етуге белсене араласып, бұл институттарды көшпелі өмір салтына бейімдей алды. Осы тұрғыда Мәшһүр Жүсіп шығармаларында ислам институттары мен діни қайраткерлердің қазақ ортасына Орталық Азиядан немесе Еділ-Орал аймағынан демек, "сырттан әкелінген" деген кең таралған стереотипті жоққа шығарады (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, 2023в: 44–71). Мәшһүр Жүсіп ұсынған әртүрлі қамқоршылар түрлері мен олардың ғалымдар мен сопыларды қолдаудағы рөлі туралы мәліметтері қазақ қоғамындағы әкімшілік жүйенің ықпалын түсінуге мүмкіндік береді. Ғалымдар оның еңбектеріне сүйене отырып, XIX ғасырдың ортасына қарай Орта жүз аумағында ғалымдар, ишандар, қожалар мен дін қызметкерлері кең таралған деген қорытынды жасайды. Олар шыңғыс тұқымдарының, әсіресе ресейлік әкімшілік жүйеде ресми қызмет атқарған дәулетті қазақ элитасының өкілдерінен де қолдау тапқан. Мәшһүр Жүсіптің мәліметтері бойынша, XIX ғасырдың ортасына қарай ислам ғұламаларына қамқорлық көрсету қазақ ақсүйектерінің бақылауына өткен, ал дін қайраткерлері, көбіне, қожалар мен рудың беделді өкілдері арасынан шыққан. Allen J. Frank атап өткендей, осындай жағдай Қытай Алтайындағы қазақтар арасында да кездескен (Allen J. Frank, 2013: 230).

Қамқорлық этникалық немесе экономикалық шекаралармен шектелмеген, өйткені қазақ қамқоршыларының Семей, Аягөз (Сергиополь) және Орск секілді қалаларда мешіттер мен медреселердің құрылысын қаржыландырғаны жөнінде көптеген деректер бар. Қалалық ислам институттарын негізінен саудагерлер қолдаса, қамқоршылар ретінде үнемі қазақтар қатысқан. Мәшһүр Жүсіп әкімшілік қызмет атқарған отырықшы қамқоршыларға ерекше назар аударады. Солардың ішінде – Баянауыл округінің алғашқы аға сұлтаны (қазақша – дуанбасы, ресейлік әкімшілік жүйеде – аға сұлтан) Шоң би Едігеұлы (1754–1836) және оның мұрагері Мұса Шорманов (1818–1884). Бұл тұлғалар белгілі бір көшпелі руларды басқару үшін Ресей әкімшілігі тарапынан тағайындалған. 1830-жылдары Қазақ даласының шығыс және орталық бөліктерінде әкімшілік орталықтар құрылды, олардың бірі – 1833 жылы Баянауыл болды. Қазақ даласының Ресеймен әкімшілік және экономикалық интеграциясы ислам институттары мен білімінің дамуына едәуір үлес қосты (Allen J. Frank, 2013: 217–219). Мәшһүр Жүсіптің еңбектері бұл үдерісті айқын бейнелеп,


CC BY NC

1860-жылдардағы тарихи тұлғалар өмірі мен оқиғаларды сипаттайды. Сонымен қатар, ислам ғылымы мен білімінің дамуы көбіне ресейлік әкімшілік жүйеде саяси қызмет атқарған қамқоршыларға, әсіресе аға сұлтандарға тәуелді болғанын көрсетеді. Бұған дейін атап өткендей, Баянауылдың алғашқы аға сұлтаны Шоң би Ресей билігі жібермек болған ислам ғұламаларын қабылдаудан бас тартқан еді, ал оның ізбасары Мұса Шорманұлы бұл қалада мешіт, медресе және мектеп ашуға елеулі күш жұмсағады(Allen J. Frank, 2013: 227-229).

**Қорытынды.** Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұрасына сүйене отырып жүргізілген бұл зерттеу XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының трансформациясын және оның ішкі қабылдану үдерісін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Оның әдеби және публицистикалық еңбектері арқылы автордың ішкі рухани әлемі ғана емес, сонымен қатар отарлық қысым мен жаңғыру талаптары жағдайындағы қазақ қоғамында орын алған мәдени, діни, саяси және әлеуметтік өзгерістердің тұтас көрінісі ашылады.

Зерттеуде анықталған маңызды аспектілердің бірі — қазақ қоғамында исламның таралу ерекшеліктерін ұғыну болды. Мәшһүр Жүсіптің шығармалары мен сол кезеңдегі әкімшілік құрылымдардың талдауы көрсеткендей, ислам тек сырттан енген немесе мәжбүрлі түрде қабылданған құбылыс болмаған. Керісінше, медресе, мешіт, мектеп сияқты исламдық институттар қазақ ақсүйектерінің, әсіресе аға сұлтандардың (мысалы, Мұса Шорманұлы) тікелей қолдауына ие болған. Бұл жағдай бұрынғы зерттеулердегі исламның көшпенді өмір салтына «жат» деген пікірді жоққа шығарады. Зерттеудің келесі маңызды қорытындысы – XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының дүниетанымында исламдық және зайырлы құндылықтардың қайшылықта емес, үйлесімде болғандығы. Мәшһүр Жүсіптің тұлғасында дәстүрлі исламдық білім мен рационалистік көзқарастың ұштасқанын көруге болады. Ол Бухара мен Ташкентте оқып, бір жағынан нақшбандия тариқаты дәстүрінің жалғастырушысы ретінде танылса, екінші жағынан, қоғамдағы рухани тоқырау, әлеуметтік теңсіздік пен моральдық құндылықтардың құлдырауы жөнінде ашық пікір айтқан публицист ретінде көрінді.

Сонымен қатар, Көпейұлының еңбектері тарихи-мәдени дереккөз ретінде аса құнды. Оның шежірелері, этнографиялық жазбалары мен тарихи шолулары арқылы қазақ қоғамының ішкі логикасы, әлеуметтік құрылымы мен дүниетанымы қайта қалпына келтіріледі. Автор фольклор мен генеалогиялық мәліметтерді тек жинап қана қоймай, оларды сол дәуір контекстінде зерделеп, өткен мен бүгіннің байланысын көрсетеді. Мәшһүр Жүсіп – тек рухани ойшыл ғана емес, сонымен қатар сол дәуірдің мәдени және саяси үдерістеріне белсенді қатысқан тұлға. Оның Ресей империясының саясатын сынға алуы, ұлттық болмысты әдебиет, білім мен дін арқылы сақтап қалуға ұмтылуы оны қазақ зиялыларының көрнекті өкілі ретінде танытады. Ол ағартушылықтың маңызын ерекше атап өтіп, рухани негіздер мен мәдени сабақтастықты сақтаудың қажеттілігін алға тартты.

Осылайша, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығын зерттеу –

ғасырлар тоғысындағы қазақ қоғамының ерекшеліктерін тереңірек түсінуге, империяның саясатына қарсы рухани қарсылық формаларын ашып көрсетуге, исламдық дәстүрдің қазақ ой-санасының дамуына әсерін бағалауға, сондай-ақ тарихи жады пен ұлттық сана қалыптасуындағы рөлін зерделеуге мүмкіндік береді. Оның мұрасы қазіргі гуманитарлық ғылым үшін өзектілігін жоғалтпай, жан-жақты талдауды қажет етеді.

**Әдебиеттер**

Бөжеев М. (1974). Мәшһүр Жүсіп мұралары хақында. — Жалын, 1974. — № 3. — Б. 127–133.

Барлыбаева Г.Г. (2011). Эволюция этических идей в казахской философии. — Алматы. К-ИЦ ИФП КН МОН РК, — 2011. — 216 с.

Дәуітұлы С. (2008). Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ата тарапынан тегі (Ақынның жаңадан табылған, өз қолымен жазған өмірбаяны). Сөз өнерінің зергері ақын, публицист, этнограф, фольклорист, ағартушы Мәшһүр Жүсіп Көпеевке арналады. — Алматы, Орталық ғылыми кітапхана. — 2008.

Жусупов Е.К. (2003). Исторические разыскания М.Ж. Копеева по проблемам персоналий истории казахского народа. Вестник Омского университета. — 2003. — №3. — С. 64–66.

Жусупова Л.К., Жусупов Е.К. (2018). Восточные книги в трудах М.Ж. Копеева. Ұлы Дала мұрасы: тарих, тұлға, тағылым: «Ұлы Дала» этнофестивалі аясындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. —Павлодар: ПГПУ, 2018. — Б. 319–323.

Жусупова Л. (2025). Машхур Жусуп и устная история https://e-history.kz/ru/news/show/3797 01.02.2025

Қазақстан тарихы этникалық зерттеулерде (2010). Т. IX : Арғын. — Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2010. — 408 б.

Кенжебаев (1958). Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. — Алматы. — 1958. — 306 б.

Қонарбаева А. (2014). Ағарташу ақын – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. — Алматы. — 2014. — 80 б.

Нуртазина Н., Картабаева Е., Дауытбекова М. (2024). Наследие казахских ишанов и святых целителей: новые подходы и перспективы изучения в контексте мусульманско-суфийской традиции Центральной Азии.// Edu.e-history.kz 2024. — 11(3). — С. 541–557. DOI: 10.51943/2710-3994_2024_11_3_541-557. Disponível em: https://edu.e-history.kz/index.php/history/article/view/1184. 9 апр. 2025.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (2023). — Павлодар, «ЭКО» ҒӨФ ЖШС, 2023. — 10 том. — 264 б.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (2023). — Павлодар, «ЭКО» ҒӨФ ЖШС. 2023. — 8 том. — 240 б.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. (2023). — Павлодар, «ЭКО» ҒӨФ ЖШС, 2023. — 3 том. — 240 б. — Б. 44–71..

Мәшһүр Жүсіп Көпеев. (1975). Қазақ Совет энциклопедиясы 7 том. — Алматы. 1975. — 646 б.

Allen J. Frank (2013). Sufis, Scholars, and Divanas of the Qazaq Middle Horde in the Works of Mäshhür Zhüsip Köpeyulï. Islam, society and states across the Qazaq Steppe (18th – early 20th centuries). — Wien 2013. — Pp. 213–232

Tomohiko Uyama (2013). The Changing Religious Orientation of Qazaq Intellectuals in the Tsarist Period: Shar a, Secularism, and Ethics. Islam, society and states across the Qazaq Steppe (18th – early 20th centuries). — Wien 2013. — P. 95–117

**References**

Allen J. Frank (2013). Sufis. (2013). Sufis, Scholars, and Dervishes of the Kazakh Middle Horde in the Works of Mashhur Zhasip Kopeyuli. In: Islam, Society and States across the Qazaq Steppe (18th – Early 20th Centuries). —Vienna. — P. 213–232.

Bozheev M. (1974). Mashhur Zhusip muralary khaqynda [On the Legacy of Mashhur Zhusip]. Zhalyn. — No. 3. — P. 127–133. (in Kazakh)

Barlybayeva G.G. (2011). Evolyutsiya eticheskikh idey v kazakhskoy filosofii [The Evolution of Ethical Ideas in Kazakh Philosophy]. — Almaty: K-IC IFP KN MES RK. —216 p. (in Russian)

Dawıtuly S. (2008). Mashhur Zhusip Kopeevtin ata tarapynan tegi (Aqynnın zhanadan tabylgan, oz qolymen jazgan omirbayany) [The Ancestry of Mashhur Zhusip Kopeev on the Paternal Side (The Poet's Recently Discovered Autobiography Handwritten by Himself). In: The Master of the Word Art: Dedicated to Poet, Publicist, Ethnographer, Folklorist and Educator Mashhur Zhasip Kopeev]. — Almaty: Central Scientific Library. 2008 (in Kazakh)

Jusupov E.K. (2003). Istoricheskie rozyiskaniya M.Zh. Kopeeva po problemam personalij istorii kazakhskogo naroda [M.Zh. Kopeev's Historical Studies on Historical Figures of the Kazakh People]. — Vestnik of Omsk University. — No. 3. — P. 64–66. (in Russian)

Jusupova L.K., Jusupov E.K. (2018). Vostochnye knigi v trudakh M.Zh. Kopeeva [Eastern Books in the Works of M. Zh. Kopeev. In: Heritage of the Great Steppe: History, Personality, Lessons. Proceedings of the International Scientific-Practical Conference within the Framework of the "Great Steppe" Ethno-Festival]. Pavlodar: Pavlodar State Pedagogical University. — P. 319–323. (in Russian)

Jusupova L. (2025). Mashkhur Zhusip i ustnaya istoriya [Mashkhur Zhusip and Oral History]. — Retrieved February 1. — 2025, from https://e-history.kz/ru/news/show/3797 (in Russian)

Kenzhebayev, S. (1958). Qazaq khalqynın XX gasyr basyndagı demokrat jazushylary [Democratic Writers of the Kazakh People at the Beginning of the 20th Century]. — Almaty. — 306 p. (in Kazakh)

Konarbayeva, A. (2014). ). Agartushy aqyn – Mashhur Zhusip Kopeyuly [Enlightener Poet – Mashhur Zhusip Kopeyuli]. — Almaty. — 80 p. (in Kazakh)

Mashhur Zhasip Kopeyuli. (2023). Shygarmalarynyn tolyq jinaghy [Collected Works in 10 Volumes]. — Vol. 10. Pavlodar: "EKO" Scientific and Production Firm LLP. — 264 p. (in Kazakh)

Mashhur Zhasip Kopeyuli (2023). Shygarmalarynyn tolyq jinaghy [Collected Works in 10 Volumes].— Vol. 8. Pavlodar: "EKO" Scientific and Production Firm LLP. — 240 p. (in Kazakh)

Mashhur Zhasip Kopeyuli (2023). Shygarmalarynyn tolyq jinaghy [Collected Works in 10 Volumes].— Vol. 3. Pavlodar: "EKO" Scientific and Production Firm LLP. — P. 44-71. (in Kazakh)

Mashhur Zhasip Kopeyuli. (1975). Qazaq Sovet Entsiklopediiasy [Kazakh Soviet Encyclopaedia]. — Vol. 7. Almaty, 646 p. (in Kazakh)

Nurtazina N., Kartabayeva E., Dauytbekova M. (2024). Nasledie kazakhskikh ishanov i svyatykh tseliteley: novye podkhody i perspektivy izucheniya v kontekste musulmansko-sufiyskoy traditsii Tsentralnoy Azii [The legacy of Kazakh ishans and holy healers: new approaches and prospects of research in the context of the Muslim-Sufi tradition of Central Asia]. Edu.e-history.kz. — 11(3). — Pp. 541-557. DOI: https://doi.org/10.51943/2710-3994_2024_11_3_541-557 (in Russian)

Qazaqstan tarikhy etnikalyq zertteulerde [The History of Kazakhstan in Ethnic Studies]. — Vol. IX: Argyn. (2010). — Almaty: Alash Historical Research Centre. — 408 p. (in Kazakh)

Uyama T. (2013). The Changing Religious Orientation of Qazaq Intellectuals in the Tsarist Period: Sharia, Secularism, and Ethics. In: Islam, Society and States across the Qazaq Steppe (18th – Early 20th Centuries). — Vienna. — P. 95–117.

## Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see http://www.elsevier.com/publishingethics and http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see http://www.elsevier.com/postingpolicy), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check http://www.elsevier.com/editors/plagdetect.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will onh accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

**www: nauka-nanrk.kz**

**ISSN 2518–1467 (Online),**

**ISSN 1991–3494 (Print)**

***http://www.bulletin–science.kz/index.php/en***

Директор отдела издания научных журналов НАН РК *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Ж.Ш.Әден*

Верстка на компьютере *Г.Д.Жадыранова*

Подписано в печать 20.06.2025.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать - ризограф.

46,0 п.л. Тираж 300. Заказ 3.

---

*РОО «Национальная академия наук РК»*

*050010, Алматы, ул. Шевченко, 28, т. 272-13-19*